

САРЖАН ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХТА АЛАТЫН ОРНЫ

Серікболатов Ерсін

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Жапекова Г.К.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының бастауында Орта жүзде, өз отанына берілген қазақ зияткерлік элитасының өкілдері тұратыны сөзсіз, олардың арасында әсіресе Ғұбайдолла, Қасым, Саржан, Сартай және Кенесары сияқты тұлғалар бар [1, 109].

Қазақ халқының тарихи тұтастығын сақтау жөніндегі идеалдар үшін күресуде олардың ортақ ынтымақтастығы кезінде, дегенмен, бұл ойды жүзеге асыру тәсілдерінде халықты тәуелсіздіктен айыруға ұмтылған отарлық билік алдында айырмашылықтар байқалады. Бұл жағдайда қазақ интеллектуалдары арасында Қазақ ұлттық тәуелсіздігін сақтаумен байланысты жалпыұлттық мүдделер үшін осы күрделі күресте өз жолдары әзірленуде [1, 109].

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» Саржан сұлтанның ұлт-азаттық қозғалысына түрткі болды. Патша үкіметі бұл жарғыны жүзеге асыруға бірден кіріспеді. Алдымен ол тиісті дайындық жұмыстарын жүргізуді шешті. Осы мақсатта далаға, жекелеген қазақ руларына патша агенттері—қазақ сұлтандары жіберілді. Олар бұйрықтардың жергілікті халықтың мүдделерін қорғау үшін ашылатынын айтты. Мұндай үгіттің қажеттілігі сұлтандардың негізгі бөлігінің қарама-қарсы болуына байланысты еді, ең басынан бастап кең халық ауқымы бұйрықтардың негізіне қарсы болды. 1824 жылы Қазақ даласында алғашқы бұйрықтарды ашу үшін екі экспедиция, біреуі - Омбы облысын басқарушы полковник Броневскийдің Қарқаралы қаласына, екіншісі - Көкшетау қаласына подполковник Григоровскийдің командасы.

Көтерілісшілердің шоғырлануы аясынан өзгертілуі айқын мақсатқа – патша өкіметі басқа бір Жарғыны – «Орынбар қазақтары туралы» жарғыны қолданысқа енгізбекші болған Кіші жүз ауылдарында үкіметке қарсы пиғылдарды қоздыру мақсатына байланысты болатын, ал бұған осы аймақта Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазының тұтқынға алынып, содан соң Калуга қаласына жер аударылып жіберілуі негіз болған еді. Енді Батыс Сібірден де, Орынбордың да генерал-губернаторлары Саржан сұлтанға «даладағы барлық мазасыздыққа басты кінәлі деп» қарады. Көтерілісшілердің этникалық құрамы жағынан интернационалдық болды құрамында қазақтар дан басқа орыстар мен татарларда қосылды. Қоқан, Хиуа хандықтарының, Бұхара әмірлігінің өкілдері де болды [2].

1825 жылдың ақпанында Сібір шептік қазақ әскерлерінің кеңсесін Саржан сұлтанның ауылынан жүз басы Қарбышев тауып алған Ертіс округінің шаруасы Федор Серебренниковтің атына берілген төлқұжат қатты қайран қалдырды. Құжаттың бүлікшіл сұлтан ауылынан табылуының мән-жайын анықтау үшін хат алысты. Осыдай кейін төл құжат бұл жөнінде мәліметтер жинау үшін Пермь азаматтық губернаторлығына жіберілді [3].

Жарғының VI тарауында «қазақтардың тәртіпсіздіктері мен бетімен кетушіліктері үшін» жауапкершілік ең алдымен сұлтандарға жүктелді, 1826 жылы ортасында Саржанның әскери қимылдары жалғаса берді. «Қазақтар арасында ашу-ыза туғыызу ниетін ойлаған» көптеген сұлтандар округтік приказдардың «бастапқы құрылысын күйрету» жөніндегі саяси талаптармен шектелмей, жер-жерде қаруланған «көп адамдық партияларды» топтастырды,

бұл орайда отаршыл әкімшілікке адалдығын сақтап қалған ауылдарды қорқытуданда тайынбады. Саржан жасақтарының бірін басқарған сұлтан Абылай Ғаббасов өзінің ерекше ымырасыздығымен көзге түсті, ол Қарқаралы приказына жақындап келіп, бірқатар болыстарды «зығырданды қайнататын әрекеттері арқылы» өзіне ертіп алды, өзінің сезімді адамдарын көрші аудандарға, ең алдымен Көкшетау округіне жіберіп, «оның сұлтандарына олардың өздері бағынатын заңды өкіметке бағынбауға ақыл берді». Қарқаралы округі халқының Саржан батыр жағындағы көп бөлігі «округтен ғайып болды» [4, 105].

Көкшетау округіндегі қозғалысты Сартай Шыңғысов басқарды. Халық қарсыласуының одан әрі күшеюінен қорқу Омбы облыстық бастығы де Сент-Лоранды 1825 жылғы 4 қыркүйекте «күпия» деген белгімен Қарқаралы округі әскери күзетінің бастығы жүзбасы Қарбышевке Саржан, Ғұбайдолла және Сартай сұлтандарды «олардың бір-бірінен ұзап кеткен» кезін күтіп, «іздеп табуға және қолға түсіруге кірісуді» міндеттеуге итермеледі. Қарбышев «олардың бірі – Саржан Қасымовты қолға түсіруге ұмтылуға» тиіс болды [3].

Омбыда қалалық ордонанстауз жанынан арнаулы комиссия құрылды; колледж тіркеушісі Пирожковқа Саржан сұлтан «қарақшыларының» 12 қазағының айғақтарын қазақ тілінен орыс тіліне «аударумен айналысуға» пәрмен берілді [3]. Заседатель Бубеннов, хатшы Елгин, бөлім бастығының қызметін атқарушы Захаров сотқа берілді, бұл іске қатысы бар облыстық кеңес шенеуніктеріне «аса қатаң сөгіс» жарияланды [5].

Қарқаралы округінің сұлтаны Тұрсын Шыңғысов әкімшілікке жағымпаздануы: «полковник С.Б.Броневскийге хаттарының бірінде, - Саржан Қасымов асқан мейірбан Император ағзам бодандарының керуендерін үнемі тонап жүр, мұндай жаман әрекеттерді ол өзі сияқты жауыз адамдармен бірігіп істейді... ол Семейден келе жатқан керуенді тонады; өз адамдарын жіберіп, жұрттың бәрін ұзап көшіп кетуге шақыруда» [6] деп Саржан Қасымұлы туралы мәліметтер жеткізеді. Осыдан кейін Саржанға қарсы жазалаушы отрядтар құрылып, соғыс қимылдары тездетілді.

Саржан сұлтан мен Ташкент құсбегісінің арасындағы қарым қатынас болғанына дәлел: «Құдай Сізге және Сіздің берекелі, қашаннан құт дарыған, әскериісте Рүстем патша сияқты ерлігіде, байлығы да ересен еліңізге амандық тілейді... бізге Сіздің Мырзан, Сауранбай және Сағындық билер арқылы жолдаған хатыңызды көру өте қуанышты болды. Бізді Сырда, Шу мен Қожырда қыстап шығуға шақырғаныңыздан біздің жай-күйімізді Сіздің жанашырлықпен ойлағаныңызды көріп отырмыз. Сіздің өзіңізбен жақындасу жөніндегі ұсынысыңызға өте қуаныштымыз, келісеміз... біз Сізге қызмет көрсетуге әрқашанда әзірміз... орыстар мәжбүр етіп жатыр... алайда өзіміз діндес ірі елдерді жан-дүниемізбен жылай отырып ансаймыз» [6].

Саржан қол астындағы 20 адаммен Ташкент ханына 80 жылқы айдап барып 10 күн болды. Саржан серіктерінің бірі Байтелі би Иманқұловқа «қара ту» табыс етілді.

1831 жылдың ортасында Көкшетаудан 500 адамнан тұратын жасақ Саржан ауылына шабуыл жасап тонады. Алтын, кете, жабағайлы рулары қатты зардап шекті, 450 ауыл адамы қаза тапты, ондаған адам тұтқынға алынды, тұтқынға алынғандардың ішінде Саржан сұлтанның бір баласыда болды; 1832 жылдың басында П.Н.Кулаков басқарған 250 адамнан тұратын казак отряды Күшік және Есенгелді сұлтандарды күш қолданып ұстап, жанайдар руын тонады, 60 қазақты жазалады (58). 1832 жылы 14 наурызда көтерілісшілер 400 адам Сұлукөл ауданына жиналып, Ресей жағына өтіп кеткен қазақтарды барымталап 1600 жылқысын айдап әкетті [3].

Саржанның патша империясына қарсы күресі жалғаса берді және кең етек жайды. Қоқан хандығының көмек беру туралы уәдесі жай сөз болып қалды. Сұлтанның бүкіл қазақ даласына атақ даңқы шығып бұл қоқандықтардың ашу ызасын туғызды. Саржан Қоқандықтардан көмек күтіп Ұлы жүз жеріне қарай шегінді. Саржан бытыраңқы қазақ күштерін біріктіріп, ташкент құс бегісіне бағынышты қазақтарды да өз жағына тартуы қоқандықтардың жанжалын туғызды. Саржанды 1836 жылы Ташкент билеушісі зұлымдықпен өлтірді.

Ғ. Е. Қатанаевтың қорында Сұлтан Кенесары Қасымовтың көтерілісін басу үшін билік қабылдаған шаралар бойынша көптеген материалдар бар. Мысалы, 236-іс "Батыс Сібір генерал губернаторы Горчаковқа Кенесары Қасымовқа қарсы Сібір және Орынбор отрядтарының бірлескен әрекеттері туралы Жемчужниковтың хаты", 224-іс "Әскери министр Чернышев генерал-губернатор Горчаковқа тыныштандыру мақсатында Қырғыз болыстарындағы іс-қимыл тәсілдері туралы нұсқама", 175-іс "көтеріліске шыққан Кенесары Қасымовқа қарсы Сібір әскерлерінің іс-қимылдары туралы материалдар", Қырғыз даласында 3 бекініс салу туралы: Орынбор, Орал және т. б. Оның басшылығымен Кенесары Қасымовқа қарсы далада іс-қимыл жасау үшін жасақ құру туралы корпустық командирдің полковник Горскийге ұйғарымы "181-іс.

Катанаев қоры сондай-ақ көтерілістің барысы, көтерілістермен күрес тәсілдері, қазақ даласындағы жағдайы көрсетілген казак отрядтары қолбасшыларының баянаттары мол.

Осылайша, Омбы облысының мемлекеттік мұрағатының қорынан алынған құжаттық материалдардың көпшілігі ресми іс жүргізуге жатады. Олар ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы Сібір әкімшілігінің қызметімен байланысты; казак отрядтары офицерлерінің және патшалық әкімшілік шенеуніктерінің хабарламалары, баянаттары, есептері кіреді.

Саржанның патша империясына қарсы күресі жалғаса берді және кең етек жайды. Қоқан хандығының көмек беру туралы уәдесі жай сөз болып қалды. Сұлтанның бүкіл қазақ даласына атақ даңқы шығып бұл қоқандықтардың ашу ызасын туғызды. Саржан Қоқандықтардан көмек күтіп Ұлы жүз жеріне қарай шегінді. Саржан бытыраңқы қазақ күштерін біріктіріп, ташкент құс бегісіне бағынышты қазақтарды да өз жағына тартуы қоқандықтардың жанжалын туғызды. Саржанды 1836 жылы Ташкент билеушісі зұлымдықпен өлтірді [7, 204].

Саржан сұлтан бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихта алатын орны орасан зор. Себебі, 1836 жылы Саржан Қасымұлын алдап қолға түсіріп өлтіруі 1837 жылы Кенесары Қасымұлының көтерілісінеде түрткі болды. Кенесары Қасымұлы Саржан сұлтан көтерілісіне қатысқан еді және Саржан жолын жалғастырушы болып табылады. Саржан Қасымұлы көтерілісі Кенесарының жалғастыруыарқасында барлық Қазақстан аумағына тарған еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абуев К.К, Жапекова Г.К. Губайдолла Уалиханов: жизнь и общественно - политическая деятельность. – Павлодар: Кереку, 2017, - 169 б.
2. ГАОМО, ф366, оп.1, д126, л.2.
3. ЦГА РК, ф338, оп.1, д409, л.192.
4. Масевич М.Г.Материалы по истории политического строя Казахстана, Т1, А., 1960, - 441 б.
5. ГАОМО, ф3, оп.1, д757, л.84.
6. ГАОМО, ф3, оп.1, д409, л.6.
7. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40-е годы ХІХ века. А., 1947, - 400 б.